

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетінің
«Кәсіптік оқыту» кафедрасының 25.03. 2022 жылғы №4 хаттамасынан
көшірме**

Төраға – Жолдасбекова С.А.
Хатшы – Ахмет Л.С.

Қатысқандар: п.ғ.д., профессор Жолдасбекова С.А., п.ғ.д., доцент Саипов А.Б., п.ғ.к., доцент Камалов Ю.Н., п.ғ.к., аға оқытушы Ахмет Л.С.

Күн тәртібінде:

1. 6D012000-«Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерін бекіту туралы
2. Диссертация кеңестің төрағасын ауыстыру туралы

Тыңдалды:

Мәжіліс төрағасы п.ғ.д., профессор Жолдасбекова С.А.: 2022 жылдың 28 сәуірінде сағат 09:00 «Кәсіптік оқыту» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық Кеңестің отырысында 6D012000-Кәсіптік оқыту білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторанты Ж.У. Ашированың диссертациялық жұмысын қорғау жоспарлануда. Осыған орай, осы жиында диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері мен ресми рецензенттерін бекітсек.

Бізге бірнеше ғалым қажет. Біз диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері мен ресми рецензенттерге ғалымдар сайлауымыз қажет. Докторант Ж.У.Ашированың «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясын қорғауына қандай ғалымдарды ұсынасыздар?

Сөз алды: п.ғ.к., доцент Камалов Ю.Н.: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері мен ресми рецензенттерін Алматы, Астана қаласы университеттерінің ғалымдарын қарастырсақ дұрыс болар еді. Құрлық әскерлерінің Әскери институтының PhD, қауымдастырылған профессор Бисенбаева Жанат Николаевнаны және Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жиенбаева Сайраш Нагашибаевнаны, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінен педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Айтжанова Роза Мұқантайқызының еңбектері де талапқа сай, жақсы келеді деп ойлаймын. Қосымша -1 ғылыми еңбектер тізімімен танысып шықсаңыздар болады.

Сөз алды: п.ғ.к., Ахмет Л.С.: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері,

мен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші expertі PhD доктор Сақтағанов Балабек Кеніштайұлын, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің п.ғ.к., доцент м.а. Қонырбаева Сараш Сахиқызының еңбектерін қарап шығуларыңызды сұраймын. Диссертация тақырыбына сай жариялаған еңбектері бар.

Сөз алды: п.ғ.д., доцент Саипов А.Б.: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінен педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Есекешова Марал Дүйсенеевна алсақ болады. Осы салада зерттеу жұмыстары орасан. SCOPUS базасына кіретін рецензияланған халықаралық журналда жарық көрген еңбектерін қарап көруге болады.

Мәжіліс төрағасы Жолдасбекова С.А.: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері, сіздердің пікірлеріңізді ескере отырып, докторант Ж.У. Ашированың диссертациясын қорғауына диссертациялық кеңестің ресми рецензенттері мен уақытша мүшелерін төмендегідей құрамда бекітуді ұсынамын.

Ресми рецензенттер:

Жиенбаева Сайраш Нагашибаевна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университет, Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан.

Бисенбаева Жанат Николайқызы - PhD докторы, қауымдастырылған профессор - Құрлық әскерлерінің Әскери институты . Алматы қ, Қазақстан;

Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің құрамы:

Сақтағанов Балабек Кеніштайұлы – Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші expertі, PhD доктор, Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан.

Есекешова Марал Дүйсенеевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан.

Айтжанова Роза Мұқантайқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

Қонырбаева Сараш Сахиқызы – п.ғ.к., доцент м.а. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ, Қазақстан.

Сондай ақ, диссертация кеңестің төрағасын ауыстырамыз. Себебі докторанттың жетекшісі п.ғ.д., С.А.Жолдасбекова болғандықтан орнына п.ғ.к., доцент Ю.Н.Камаловты ұсынсақ және уақытша кеңес мүшелері мен ресми рецензенттерді бекітуді дауысқа салайық.

Дауыс беру нәтижесі: «Ия»-барлығы, «Қарсы»-жоқ, «бейтарап»-жоқ.

Қаулы етілді:


1. 6D012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша докторант Ж.У.Ашированың «Колледж студенттерін құқықтық мәдениетке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» тақырыбындағы

диссертациясын қорғауына ресми рецензенттер: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жиенбаева Сайраш Нагашибаевна, Құрлық әскерлерінің Әскери институты, PhD доктор, қауымдастырылған профессор Бисенбаева Жанат Николайқызы бекітілсін.

2. Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының жетекші expertі, PhD доктор Сақтағанов Балабек Кеніштайұлы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Есекешова Марал Дүйсенеевна, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Айтжанова Роза Мұқантайқызы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, п.ғ.к., доцент м.а. Қонырбаева Сараш Сахиқызы бекітілсін.
3. Докторлық диссертациясын қорғау барысында диссертациялық кеңестің төрағасы болып п.ғ.к., доцент Ю.Н.Камалов тағайындалсын.

«Кәсіптік оқыту» кафедрасының
меңгерушісі: п.ғ.д., профессор

Хатшы:



Жолдасбекова С.А.



Ахмет Л.С.